

## Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 208 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 15 сәуірде № 10724 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 367 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.05.2018 № 367 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңы 20-бабының 32-5) тармағына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға рұқсат беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (Б.Қ. Нұрабаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнама белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурстарында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 16 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

\_\_\_\_\_ В. Школьник

2015 жылғы 5 наурыз

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 27 ақпандағы  
№ 208 бұйрығымен  
бекітілген

## **Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға рұқсат беру қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 32-5) тармақшасына сәйкес әзірленді және пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға рұқсат беру тәртібін айқындайды.

2. Жергілікті атқарушы орган ұсынылған негіздеуші материалдардың құрылыс салудың экономикалық орындылығы бөлігін қарастырады, ал уәкілетті орган ұсынылған негіздеуші материалдардың пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігі бөлігін қарастырады.

### **2. Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға рұқсат беру тәртібі**

3. Пайдалы қазбалар қабаттары жатқан алаңдарға құрылыс салуға жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органның (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган) рұқсатымен пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігі қамтамасыз етілген немесе құрылыс салудың экономикалық орындылығын дәлелденген жағдайда жол беріледі.

4. Пайдалы қазбалар жатқан алаңға құрылыс салуға рұқсат алу үшін жеке немесе заңды тұлға жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі жергілікті атқарушы органға ерікті нысандағы өтінімді жібереді, онда бизнес сәйкестендіру нөмірін көрсетіп, заңды тұлғаның атауы немесе оның жеке сәйкестендіру нөмірін, мекенжайын, географиялық координаттардағы құрылыс объектісінің орналасатын жерін көрсетіп, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

5. Жергілікті атқарушы орган екі жұмыс күн ішінде жеке немесе заңды тұлғалардың өтінімін жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) келісу үшін жібереді.

Аумақтық бөлімшелер жеке немесе заңды тұлғалардың өтінімін оны тіркеген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды және алдағы құрылыс салу алаңының астында пайдалы қазбалардың болуы немесе болмауы (маңыздылығының аздығы) туралы ақпаратты жергілікті атқарушы органға жібереді.

Жеке немесе заңды тұлға мәлімдеген алдағы құрылыс салу алаңының астында пайдалы қазбалар болмаған (маңыздылығының аздығы) жағдайда, жергілікті атқарушы орган екі жұмыс күн ішінде пайдалы қазбалар шөгіндісінің болмауы (маңыздылығының аздығы) туралы осы Қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес нысана бойынша қортынды береді, мұндай жағдайда пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға рұқсат қажет емес.

Жергілікті атқарушы орган оған заңды немесе жеке тұлға берген пайдалы қазбалардың болмауы (маңыздылығының аздығы) туралы қорытындыларды есепке алуды және тіркеуді жүргізеді.

Жеке немесе заңды тұлға мәлімдеген алдағы құрылыс салу алаңының астында пайдалы қазбалар болған жағдайда, жергілікті атқарушы орган екі жұмыс күні ішінде жеке немесе заңды тұлғаға алдағы құрылыс салу алаңының астында пайдалы қазбалардың болуы туралы жазбаша хабарламаны береді.

6. Жеке немесе заңды тұлға жазбаша хабарламаны алғанан кейін жергілікті атқарушы органға пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігін дәлелдейтін немесе құрылыс салудың экономикалық орындылығын дәлелдейтін материалдарды (бұдан әрі – негіздеуші материалдар) ұсынады:

1) жоспарланған құрылыс аумағының және оған іргелес аумақтың топографиялық жоспарының көшірмесі (топографиялық жоспардың көшірмесінде тау-кен геологиялық жағдай, қолда бар және жоспарланған құрылыс контуры, тау-кен бөлінісінің шекарасы, құрылыс объектісіне тау-кен игерудің зиянды әсер ететін аймақ шекаралары көрсетіледі);

2) түсіндірме жазба.

7. Түсіндірме жазба мыларды қамтиды:

1) құрылысқа сұрау салған жеке немесе заңды тұлға, объекті жобалауды және салуды жүзеге асыратын ұйымдар туралы мәліметтер;

2) арнай мақсатын, қысқа сипаттамасын және болжамды құрылыс ауданының көлемін қоса алғанда, объект туралы мәліметтер;

3) тау-кен бөлінісі аумағында объекті құрылысы жоспарлаған жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтер, жоспарланған құрылыс ауданының қысқаша геологиялық сипаттамасы (ауданның геологиялық құрылымы, шөгудің тереңдігі, негізгі дененің және бірге олармен жатқан пайдалы қазбалардың құрылымы, қорлардың сапасы мен саны, гидрогеологиялық және инженерлік геологиялық талаптары және т.б.);

4) объектінің нысыналы бағытын, іргетас пен қабырға материалдарының сипаттамасын, жерасты құрылыстың бекітілуін; пайдалану уақытындағы өзгеру мүмкіндігін көрсете отырып, жоспарланған объект құрылысы туралы мәліметтер;

5) құрылыс салудың экономикалық орындылығын негіздеу және пайдалы қазбалар жатқан алаңға құрылыс салуға байланысты пайдалы қазбалардың күтілетін шығындарынан экономикалық залалды есепке алып, оны басқа мүмкін нұсқалармен салыстыру;

6) жер қыртысының және тау жыныстарының құрылыс учаскесі астында жатқан пайдалы қазбаларды алу кезінде күтілетін түрлен есебі, сондай-ақ құрылыс объектісі және технологиялық жабдықтар үшін оларды тау-кен жұмыстарымен игерген кезде түрленуінің рұқсат берілген мөлшері.

8. Жергілікті атқарушы орган жеке немесе заңды тұлғадан негіздеуші материалдар келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға алдағы құрылыс салу алаңының астында пайдалы қазбалардың болуы туралы жазбаша хабарларманың, жеке немесе заңды тұлғалардың өтінімінің көшірмесін, негіздеуші материалдарды жібереді.

9. Уәкілетті орган жергілікті атқарушы органнан құрылыс салу алаңының астында пайдалы қазбалардың болуы туралы жазбаша хабарларманы, жеке немесе заңды тұлғаның өтінішінің көшірмесі, сондай-ақ негіздеуші материалдар келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде осы құжаттарды қарастырып, жергілікті атқарушы органға пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға

арналған осы Қағидалардың 2 қосымшасына сәйкес нысана бойынша рұқсатты не осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген жағдайларда жазбаша түрде дәлелді бас тартуды береді.

10. Жергілікті атқарушы орган уәкілетті органның рұқсаты келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде жеке немесе заңды тұлғаға жергілікті атқарушы органның және уәкілетті органның пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға арналған осы Қағидалардың 3 қосымшасына сәйкес нысана бойынша рұқсатын не осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген жағдайларда жазбаша түрде дәлелді бас тартуды береді.

11. Егер құрылыс салу барысында жер қойнауынан пайдалы қазбаларды алу мүмкін болмаса немесе құрылыс салудың экономикалық орындылығы дәлелденбесе, пайдалы қазбалар жатқан алаңға құрылыс салуға жергілікті атқарушы органның рұқсатын және уәкілетті органның рұқсатын беруден бас тартылады.

12. Жергілікті атқарушы орган заңды немесе жеке тұлғаларға пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға берге рұқсаттарды, сондай-ақ уәкілетті орган берген рұқсаттарды есепке алуды және тіркеуді жүргізеді.

Қосымша 1

пайдалы қазбалар жатқан  
алаңдарға құрылыс салуға  
рұқсат беру қағидаларына  
Нысан

## ҚОРТЫНДЫ

**Пайдалы қазбалар шөгіндісінің болмауы  
(маңыздылығының аздығы) туралы**

Берілді \_\_\_\_\_

—

жеке/заңды тұлға атауы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Мекеменің мекен жайы, телефон

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Мекен жайы, географиялық координаттар бойынша объектінің мекен жайы  
**Қосымша** \_\_\_\_\_

**Қортынды:** \_\_\_\_\_

*Пайдалы қазбалардың болуы немесе болмауы (маңыздылығының аздығы)*  
туралы қарауының нәтижесі

\_\_\_\_\_  
Қолы, аты-жөні

Қосымша 2

пайдалы қазбалар жатқан  
аляндарға құрылыс салуға  
рұқсат беру қағидаларына  
Нысан

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті органның атауы)



**пайдалы қазбалар жатқан аляндарға құрылыс салуға арналған  
РҰҚСАТ**

Жеке/заңды тұлға атауы,  
мекеменің мекен жайы, телефон

қ. \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға рұқсат беру туралы  
қарауының нәтижесі

Мекен жайы, географиялық координаттар бойынша объектінің мекен жайы  
Қосымша \_\_\_\_\_

Уәкілетті органның басшысы аты-жөні

Қосымша 3

пайдалы қазбалар жатқан  
алаңдарға құрылыс салуға  
рұқсат беру қағидаларына  
Нысан

(наименование местного исполнительного органа  
области, города республиканского значения, столицы)



**пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға арналған  
РҰҚСАТ**

Жеке/заңды тұлға атауы,  
мекеменің мекен жайы, телефон

қ. \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

---

---

---

---

---

---

---

---

*Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға құрылыс салуға рұқсат беру туралы  
қарауының нәтижесі*

---

---

---

---

---

---

---

---

Мекен жайы, географиялық координаттар бойынша объектінің мекен жайы  
Қосымша \_\_\_\_\_

---

---

Уәкілетті органның басшысы аты-жөні